

П. Кәрімқұл, 1-курс
Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының
доценті, филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

СӨЙЛЕУ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Қарым-қатынас дегеніміз — тіл арқылы пікір алысу. Лингвисттер тілді қарым-қатынас құралы, қоғам жасаған білімдерді жаратушы ретінде ертеден зерттеп келеді.

Өзін-өзі ұстай білу адамның тәжірибелілігін, қоғамдық жағдайын, өзін-өзі бағалаушылығын, айналасындағыларға қарым-қатынасын аңғартады. Адамдардың өзара байланыс жасауында, мазмұнды да жылы сезімді қарым-қатынасында адамның бейнесі маңызды рөл ат-

қарады. Осының нәтижесінде адамда алғашқы пікір туады, қарым-қатынастың әрі қарай дамуы нақ осы алғашқы пікірге байланысты болады.

Тіл дегеніміз — адам қоғамының рухани өмірінде объективті өмір сүретін құбылыс. Тіл қарым-қатынас қызметін атқаратын белгілер жүйесі және ой қаруы болып саналады. Мағыналы сөздерден және солар бойынша сөйлемдер жасалатын ережелер жиынтығы — синтаксистен құралады. Әрбір сөздің өзіндік мағынасы болады. Сөздің мағынасы дегеніміз — оның нақты болмыста белгілінген объектіге қатынасы, бұл арада объектінің санада қалай қабылданғаны есепке алынбайды. Тілдің грамматикалық категориясы логикалық категориясымен ұштастырылады. Логикалық категориялар жалпы адамдық болып табылады.

Тілдің сөздік қорына осы тілде сөйлейтін адамдар қауымдастығының айналадағы дүние туралы білімі сақталады. «Тіл — ой мұражайы» деген теңеу тегін емес. Тіл жазбаша және ауызша сөйлеу арқылы іске асады. «Адамдар арасындағы қарым-қатынаста пайдаланылмайтын, бірақ жазбаша түрде сақталған тілді өлі тіл дейді. Демек, тіл рухани мәдениет құбылысы ретінде, өзін жасаған қоғам құрып кеткен соң да өмір сүре отырып, жоғалған цивилизация мәдениетінің аса құнды ескерткіші бола алады екен»¹.

Сөйлеу дегеніміз — тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау үдерісі. Психологиялық зерттеу объектіні рухани мәдениет құбылысына жататын тіл емес, сөйлеу болып табылады. Баланың сөйлеуінің дамуы, психологияда айтылғандай, оның вербалдық мінез-құлқы, біртіндеп тіл үйренуіне байланысты бірқатар кезеңдерден өтеді.

Сөйлеу — адамның бір-бірімен қатынасында ойын, еркін, сезімін білдіріп жеткізу үшін тілді қолдану үрдісі. Тілі шықпаған нәрестенің алдымен сөйлеу мүшелері дамиды. Жалпы, дүниеге келген сәби еріксіз дыбыс шығарады: айғай салуы, жылау, ыңырсу және басқа да дыбыстар арқылы білдіреді. Бұл дыбыстар сөйлеудің ізашары болып табылады, олардың интонациялық мәнерлігіне қарап анасы баласын ұға алады.

Сөйлеуге адамның анатомиялық мүшелері қатысады, алайда ол адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне тығыз байланысты. Сөйлеу үшін жасалған тілдік амалдар ұзақ уақыт бойы адамдардың пікір алысу тәжірибесі негізінде қалыптасты. Тілдік амалдар — сөз тудыру, сөйлем құрау ережелері. Олар — көпшілікке ортақ, объективті категориялар. Соның нәтижесінде тіл — жұрттың бәріне бірдей түсінікті қатынас құралады. Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайына сәйкес ыңғайланған стилі болады. «Тіл мәдениеті — тіл білімінің әдеби тілінің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейді. Тіл мәдениетінің тілдің басқа салаларынан айырмашылығы оның күнделікті өмірде тілдің қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен жақсы қарым-қатынаста болуы»². Тіл мәдениеті қамтитын тілдік норманың келесідей 3 түрі болады:

1. Тілдік норма (лексика, сөз жасамдық, грамматика, дыбысталу нормасы).
2. Этика — сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері).
3. Коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары). Сөйлеу мәдениеті орфоэпикалық нормаға негізделген.

Әркім өзінің басындағы ойларын басқаға айтып, түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиісті. Егер де ондай сөз таба алмаса, ол ой иесіне де шала, түсініксіз болып қалады. Яғни ойдың дамуы сөйлеудің дамуымен өте тығыз байланысты. Адам өзінің сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жете алмайды.

Дұрыс сөйлей білген адам өз ойын, айтқанын тыңдаушыға толық түсіндіре біледі. Кейбір адамдардың ерсі мінездері бар: басқаның сөзіне құлақ қоймайтын, өзіне айтылған сөзді аяғына дейін тыңдай білмейтін, өзгелердің сөзіне ретсіз араласып, әңгіменің шырқын бұзатын. Содан сөйлеп отырған адам кейде қақалып-пашалып, тұтығыш та қалады. Әрбір адам өз басындағы осы кемшіліктермен күресе білсе, біздің сөйлеу мәдениетіміз де одан әрі дами түсер еді. Және де кейбір адамдар диалогтік сөйлеудің талаптарын орындай бермейді. Содан көп сөйлеп, бір сөзді сан мәрте қайталап, тыңдаушысын жалықтырып та алады. Олардың ішінде өзіне қойылған сұрауларға, қарсы пікірлерге жауап бермей, өз ойын тәптіштеп айта беретіндері де кездеседі. Бұл да сөйлеу мәдениетіндегі әдепсіздік.

Шағын зерттеуімізді Циперонның сөзімен түйгенді жөн санадық: «Мықтыға қанша ұқсап тұрсаң да, көшірме түпнұсқадан ығи да көш төмен болады. Халық алдында сөйлеу үшін сөздің өзіндік «бейнесі», өз мәнері болғаны абзал. Егер өнердің басқа саласындағы аты мәлім шебер бір ісін кездейсоқ дағдысынан нашар орындап қалған болса, оны ол өзі әдейі жаса-

ды ма, не денсаулығына байланысты сөйтіп қалды, дей салады. Ал егер шешеннен сондай бір осалдық тапсыншы, оны тек ақымақтық деп санайды, ал ақымаққа кешірім болмайды. Өйткені адам көңіл-күйге немесе іші ауырғанға байланысты ақымақ болмайды».

¹ *Сүлеймен М. Сөйлеу мәдениеті // Айқын газеті. 2011. 4-б.*

² *Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. — Алматы, 1987. 7-б*